

Мен үшін бақыт деген не?

Әр адамның өмірінде маңызды әрі мәңгілік тақырыптардың бірі – бақыт. Біреулер үшін бақыт – байлық, енді біреулер үшін – денсаулық немесе арман-мақсатқа жету. Ал мен үшін бақыт – отбасы, жүректен шыққан шынайы сезім, тыныш өмір мен жан тыныштығы. Әр адам бақытты өзінше сезінеді, сондықтан бақыттың өлшемі де әртүрлі болып келеді.

Мен үшін бақыт – қасымдағы жаныма жылу жақындарымның амандығы, отбасым, махаббат пен мейірімділік. Үйде ата-анамның күлкісін есту, үміттерін ақтау, мектепке қуана барып, достарыммен әңгімелесу – осының бәрі мені бақытты етеді. Кейде кішкентай ғана сәттің өзі бақыт сыйлайды: жақсы баға алу, арманың орындалуы, әлдекімнің шын жүректен «рахмет» айтуы, қиналған сәтінде қасыңнан табылған жақындарыңның тікелей жүрекке бақыт сыйлайды. Бақытты болу үшін көп нәрсе керек емес. Ең бастысы – шүкіршілік, қанағат, махаббат пен жақсылық жасауға ұмтылу. Біреуге көмектесу арқылы да бақыт табуға болады. Себебі басқаның қуанышын көру – үлкен рухани байлық.

Қорытындылай келе, мен үшін бақыт – бұл жай ғана материалдық жағдай емес, ең алдымен жан дүниенің тыныштығы мен айналамдағы адамдардың амандығы. Адам шынайы өмір сүріп, жақсы ниетпен әрекет етсе, нағыз бақытты сол кезде сезінеді. Сондықтан бақытты іздемеу керек – оны күнделікті өмірден таба білу керек.